

**Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті педагогика факультеті үстіміздегі жылы 20 жылдық мерейлі тойын атап өтті. Бір қарағанда жиырма жыл аз болғанымен, Тәуелсіздік алған уақытымызбен салыстырсақ, біршама уақыт. Егемен елімізбен жарыса дүниеге келген жоғары оқу орны алғашында «Дәуір», кейін Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясы атауымен жұмыс істеді.**



жұртшылығы үшін шын мәніндегі рухани жаңғыру болды десек, артық емес.

Үстіміздегі оқу жылында Педагогика факультетінің мұрындық болуымен «Қажым оқулары-1: Әлем мәдениеті контексіндегі білім жүйесінде жалпыадамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мәселелері» және «Қазақтың ұлттық коды – төл жазу» атты халықаралық-тәжірибелік конференциялар өткізілді. Академик Қ.Жұмалиевтің 110 жылдығына орай факультет ғимаратында «Қ.Жұмалиев кабинеті» ашылды. Ал «Қазақтың ұлттық коды – төл жазу» атты

## Білім кеңістігінде

# 20 ЖЫЛ

Заман талабынан туындаған оңтайландыру саясатына байланысты бірнеше оқу орны біріккен тұста Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің педагогика факультетіне айналған болатын. Университеттің іргелі саласына айналған педагогика факультетінің 20 жылда білім беру кеңістігінде өзіндік беделі қалыптасты.

20 жылдық мерейлі датаға орай педагогика факультеті ұжымының бір топ профессор-оқытушылары ҚР БЖҒМ тарапынан жоғары деңгейлі наградалармен марапатталды. Батыс Қазақстан облысы әкімдігі, БҚО білім басқармасы жоғары кәсіби және бәсекеге қабілетті кадрлар дайындауға ұжымның сіңірген еңбегін атап өтіп, көптеген ұстаздарды алғыс хат, құрмет грамоталармен марапаттады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында «қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады» деп атап көрсетті. Осы талап аясында атқарып жатқан істерін барласақ, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті педагогика факультеті бүгінгі таңда экономика, білім беру, мәдениет және әлеуметтік салалар үшін жоғары кәсіби, бәсекеге қабілетті мамандар дайындап отырған ұжым ретінде тек аймақ емес, республикаға танымал.

БҚИТУ бүгінде Қазақстанның алдыңғы қатарлы білім ордасы. 2018 жылы «Аккредиттеу мен рейтингтің тәуелсіз агентігі» жүргізген сараптауда 16-орынды иеленсе, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің еңбек ресурстарын дамыту орталығы жүргізген «Кәсіби білім беру ұйымдарының рейтингі – 2018» нәтижесі бойынша Қазақстандағы 101 жоғары оқу орнының ішінде 18-орын алды. Осындай көрсеткішке жетуде педагогика факультетінің үлес салмағы мол. 20 жылда педагогика факультетінің өзіндік оқу-ғылыми және тәрбиелік дәстүрі қалыптасты. Ұжым негізгі мемлекеттік бағдарламалар мен біліктілік талаптарын орындай отырып, мақсатты түрде еңбек нарығына қажетті, бәсекеге қабілетті мамандар дайындауда айтарлықтай жетістікке қол жеткізді. Бакалавриаттың 13 мамандығы, магистратураның алты мамандығы бойынша 6000 студент пен магистранттар білім алуда. Білім шаңырағынан түлеп ұшқан 17000 түлек

республикамыздың түкпір-түкпірінде еңбек етуде. Соңғы жылдардағы ақпарат бойынша түлектердің 80 пайызы жұмысқа орналасуының өзі педагогика факультетінде білім алудың мәртебелі іс екенін көрсетеді. Білімнің салтанат құруы, ұстаздардың еңбегінің ақталуы – осылай болса керек.

Толыққанды оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру үшін

алуына да болады. Жоғары оқу орнының басты міндеті білім беру, сол білімді ғылыммен ұштастыруға баулу болса, келесі басты міндеті тәрбие ісі болып саналады. Жастарды отансүйгіштікке, мемлекетшілдікке, ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу – оқытушылардың сүйікті ісі. Факультет басшылығы қабілетті, белсенді, үздік студенттерді үнемі қолдап отырады. Жыл сайын «Жыл үздігі» байқауы өткізіліп, оқу үздіктері, ғылымқұмар

100 жаңа оқулық» жобасын қолға алу керектігін атап өтіп, оның мәні «Біз тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз» деп көрсетті. Бұл талап деңгейінде факультет ғалымдары о бастан-ақ жұмыс істеуде. 20 жылдық тарихымызда ғалымдар тарапынан 70-ке жуық монография, оқулық және оқу

конференция аса өзекті мәселеге арналды. Жаһандану кезеңінде бәсекеге қабілетті тіл болудың негізгі шарттарының бірі ұлттық жазуға байланысты екенін ескерген Елбасы мәселені нақты қойды: «латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты». Қазақстан Республикасы Президентінің



факультетте барлық жағдай жасалған. Материалдық-техникалық базасы өте жоғары, интернет ресурстар мен заманауи кітапхана қоры студенттерге қолжетімді. Соңғы бес жылда 80 орындық жатақхана, спорт зал, заманауи оқу корпусы іске қосылды. Факультеттің бүкіл әлеуеті сапалы білім бере отырып, жаңа заманға сай білікті мамандар дайындауға бағытталған.

Факультет басшылығы жас мамандар дайындауды мақсатты түрде қолға алып отыр. Көптеген жас мамандар еліміздің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының докторантурасында, Ресейдің жоғары оқу орындарының аспирантурасында оқуда.

Студент жастардың шығармашылық қабілетін арттырып, ғылыми зерттеулермен айналысуына бар мүмкіндік жасалған. Студенттер академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарынан білім

жастар, белсенді студенттер марапатталады.

БҚИТУ миссиясын жүзеге асырудағы басты ресурс профессор-оқытушылар құрамы. Педагогика факультетінде өзіндік әлеуеті бар, сапалы мамандар дайындау ісін және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алатын білікті ғылыми-педагогикалық ұжым қалыптасты. Олардың құрамында 3 ғылым докторы, 40 ғылым кандидаттары, доценттер жұмыс істеуде. Сонымен қатар факультетте «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік гранттарының иегерлері, «Білім беру ісінің үздігі», «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» медальдары мен төсбелгілерінің иегерлері жұмыс істеуде. ЖОО-ның қажырлы еңбегінің басты көрсеткіші – халықаралық аккредиттеуден нәтижелі өтуі болып саналады.

Елбасы бағдарламалық мақаласында «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі

құралдары баспа бетін көрді.

Факультетте гуманитарлық ғылымдар бойынша, әсіресе тарихшы, филологтардың ғылыми әлеуеті өте жоғары екенін атап кеткен жөн. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Қазақстан күллі түркі халықтарының қасиетті Қара шаңырағы» деп атап көрсете отырып, «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобаны ұсынды. Осы жоба аясында факультет ғалымдары келелі ғылыми тақырыптарды зерттеуде.

Жыл сайын БҚИТУ-да халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастырылып, жинақтары жарияланып тұрады. Мәселен, 2012 жылы ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымымен бірлесе отырып, Түркі әлеміндегі Н.Катанов жылына орай «Профессор Н.Катанов және түркітану мәселелері» атты конференция оздырылды. Түркі дүниесінің әр қиырынан келген ғалымдар мәжілісі облыс

«Қазақ тілі өліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығы егемен ел тарихындағы ұлы бетбұрыс болды. Осы бір өзекті мәселеден Педагогика факультеті ғалымдары тыс қала алмайды. Қазіргі таңда латын негізді жаңа қазақ өліпбиінің емлесін республика көлемінде талқылауда өз пікірлерін ұсынуда.

Жоғары оқу орнының алдында тұрған маңызды, жауапты міндеттің бастысы – білім алушыға тиянақты білім беру. Ал білімді ғылыммен және тәжірибемен ұштастырғанда ғана нәтижелерге қол жеткізуге болады. Ғылымды өмірінің мазмұнына айналдырған профессор-оқытушылар білім беру үдерісінде жаңа инновациялық технологияларды қолданып отырады, олар үнемі ізденіс үстінде.

**Мұрат САБЫР,**  
филология  
ғылымдарының докторы,  
профессор